

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Балабақшада тәрбиешімін

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.08.2025СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/182074/>**Сылқымбек Назерке Айдосқызы**

Менің мамандығым – тәрбиеші. Бұл жай ғана мамандық емес, үлкен жауапкершілікті, мейірімділікті, шыдамдылықты талап ететін өмірлік миссия. Себебі бізге сеніп тапсырылған балалар – елдің болашағы, ата-ананың аманаты.

Балабақшада әрбір күн ерекше. Таңертең кішкентай бүлдіршіндердің шат күлкісін естіп, олардың жүзінен қуаныш пен сенімді көру – тәрбиеші үшін ең үлкен сый. Баланың алғашқы қадамы, алғашқы сөзі, алғашқы жетістігі бізбен тығыз байланысты. Сол себепті тәрбиешінің еңбегі – мәңгілік із қалдыратын еңбек.

Тәрбиеші тек білім беруші емес. Ол – балаға екінші ана, қамқоршы, дос, бағыт көрсетуші тұлға. Әр баланың мінез-құлқы әртүрлі: біреуі ұялшақ, біреуі ширақ, енді бірі қиялшыл. Тәрбиешінің міндеті – сол әртүрлілікті ескере отырып, әрқайсысына жеке жол табу, олардың бойындағы қабілетті ашу.

Бүгінгі таңда тәрбиеші – педагог қана емес, психолог та, дәрігер де, ұйымдастырушы да. Біз балаларды тек әріп пен сандарға үйретіп қана қоймаймыз, оларды өмірге бейімдейміз: достыққа, сыйластыққа, еңбекке, жауапкершілікке баулимыз.

Тәрбиешінің жүрегінде үнемі мейірім болуы тиіс. Себебі бала тәрбиесін ойын арқылы, жылы сөз арқылы, үлгі арқылы ғана қалыптастыруға болады. «Ұстаздан шәкірт озар» дегендей, біздің еңбегіміздің нәтижесін балалардың болашақ жетістіктерінен көреміз.

Мен тәрбиеші болғанымды мақтан тұтамын. Өйткені бұл – ең қиын да, ең қадірлі мамандықтардың бірі. Бүгінгі тәрбиелеген бүлдіршін – ертеңгі елдің азаматы. Баланың бақыты – біздің бақытымыз, ұрпақтың жарқын болашағы – біздің еңбегіміздің жемісі.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.